

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗК» АҚ шалғайдағы елді мекендердегі қызметтері «Қазпошта» АҚ арқылы кеңейтілді

Трансфер-агенттік қызметтерді енгізу және дамыту мақсатында БЖЗК АҚ Қор бөлімшілері жоқ шалғайдағы елді мекендерде «Қазпошта» АҚ-мен бірлесіп, Қор қызметтеріне «Қазпошта» АҚ-ның 32 бөлімшесін қосымша қосу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Осылайша қазіргі уақытта БЖЗК қызметтерін «Қазпошта» АҚ 347 бөлімшелері арқылы алуға болады.

Естеріңге сала кетейік, «БЖЗК» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның ұлттық пошта операторының филиалдарында шалғайдағы елді мекендерде қызмет көрсету жөніндегі бірлескен жобасының арқасында Қор салымшылары (алушылары) келесі операция түрлерін орындаі алады:

- **салымшының (алушының) қосымша мәліметтерін өзгертуге (толықтыруға) өтініш беру (жеке күәлік, телефон нөмірі, электрондық пошта мен пошталық мекенжайлар);**
- **ақпараттандыру әдісін өзгерту (айқындау) туралы келісімге қол қою (оның ішінде БЖЗК АҚ қызметтеріне электронды форматта қол жеткізу үшін).**

Жалпы алғанда, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында «Қазпошта» АҚ-ның бөлімшелерінде Қор салымшыларына (алушыларына) өткен жылмен салыстырғанда 35%-ға артық қызмет көрсетілді.

БЖЗК-ның қосымша деректемелерді өзгерту мен хабарландыру тәсілдері туралы қызметтерін алуға болатын «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің тізімін Сіз enpf.kz сайтындағы «Байланыс» бөлімінен таба аласыз.

Бұл ретте біз БЖЗК қызметтерінің көпшілігін, мысалы, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, деректемелерді өзгерту және т.б., ENPF мобиЛЬДІ қосымшасы мен enpf.kz сайтындағы Жеке кабинет арқылы үйден шықпай-ақ алуға болатынын хабарлаймыз.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартууды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алууды жүзеге асырады, салымшияга (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-күй туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

